





---

*Қазақта туыстық қатынастарды өзара сабақтас үш жұртқа топқа бөліп атайды.*

- Біріншісі — адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты әйелдер төркін жұртым деп атайды.*
- Екіншісі шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты.*
- үшіншісі әйелі не күйеуі жағынан туысатын қайын жұрты.*

□ *Адамның өз жұрты жеті ұрпаққа таратылып аталады. Олар айтушының атасы мен әжесі (анасы); әжесі мен шешесі анасы); өзі; ұлы мен қызы, ұлдан туған немере мен қыздан туған жиен; немереден туған шөбере мен жиеннен туған жиеншар және жетінші ұрпақ — шөбереден туған немене шөпшек) мен жиеншардан туған туажат. Ал үлкен әкесінен атасынан) арғы ата-бабаларын арғы атам, бабам ұлы бабам, ұлы анам деп атайды немес үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші атамыз деп рет санына қарай да айта береді. Арғы аталарымен бірге туысқан еркек кіндікті адамдардан тарайтын ұрпақтарды аталас жақыным, ағайыным дейді. Әкесінің аға, інісінің балаларын немере ағам, немере апайым, немере іні, немере қарындасым немесе біз бір-бірімізбен бір атадан тарайтын немере туысқанбыз деседі.*

□ *Осы немере жақындардың ұл-қызы мен үлкен әкесінің аға інісінің немерелері айтушы адамға шөбере туыс болып келеді. Қазақ арасындағы туысқандық қарым-қатынас тек ерлер тарапынан ғана болып қоймайды, қыздар ұрпағы, жиендер мен нағашы арасындағы қарым-қатынас та ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Нағашыға жиен батыл келеді, халық дәстүрі бойынша нағашысы жиеніне “қырық серкеш беруі” керек. Мұндай жағдайлар бұрынғы әңгіме, дастандардан белгілі.*



*Султанъ Исмаилъ - Бухаревъ и его мать.*





- 
- Жалпылама алғанда адамға шешесінің шыққан тегі, руы түгелдей нағашы болып келеді. Оның ішінде өзіне туыстық қатынасы жақын тікелей нағашылары — нағашы ата, нағашы әже (апа, шеше), нағашы, нағашы аға және нағашы жеңге, нағашы апа (әпке) және нағашы жезде, нағашы іні, нағашы келін, нағашы қарындас және шешесінің апа, сіңлісінен туған балалар — бөлелер болып келеді. Бөлелер егер шешесімен бірге туған қыздардан туса туған бөле, ал нағашысының қыздарынан туса немере бөле делінеді.
  - Әр елге ұзатылған апалы-сіңлілі қыздардың, өз ара немере, шөбере, тіпті аталас елдің қыздарының балалары бір-біріне бөле болып келеді. Бөлелер арасында олардың аналарының туыстық жақындығына байланысты аса бір жарасымды, сыйласымды қарым-қатынас болады. Оларды туысқандық жағынан байланыстыратын — нағашы жұрты. Бұл екі жаққа да ортақ-шешелерінің төркіні.

- 
- *Қазақ елі қандастық туыстықты тек еркектер тарапынан жүргізгендіктен жиендері бөтен рудың өкілі деп есептей отырып, оны шешесінің аға, інілерінің қыздарына үйлендіру, не керісінше жиен қызды шешесінің аға-інілерінің ұлдарына тұрмысқа беру дәстүрі ұсталған тәртіпті бұзу болып табылмаған. Сондықтан некенің мұндай түрі ел ішінде болып тұрған. Әйтсе де қазақ жиен алғаннан гөрі нағашы алғанды дұрыс керген. Оған, “жиен алған молықпас, нағашы алған торықпас” деген мәтел сөз дәлел*



- 
- Адамға үшінші жағанан туысатын жақындары — қайын жұрты. Қайын жұрт деп үйленген жігіт пен тұрмысқа шыққан қыздың келіншегі немесе күйеуі жағынан туысатындарды айтады. Осы келіншегі немесе күйеуінің елі, руы адамға қайын жұрт болып саналады. Сол елдің адамдарының бәрі жаңағы жаңа үйленген жігіт пен келін болып түскен қызды күйеу бала немесе келін деп, ал бұлардың келіншегінен не күйеуінен кіші болса жезде және жеңге деп атайды. Бүкіл бір елдің, рудың бәрі қайын жұрт болып саналғанмен, адамның бұл жағынан туысатын етене жақындары төмендегідей. Түсініктірек болу үшін жігіттің қайын жұртын таратайық.
  - Жігіттің келіншегінің әкесінің әке-шешесі — қайын ата және қайын әже. Келіншегінің өз әке-шешесі — қайын ата (қайын әке) және қайын ене. Қайын ененің әке-шешесі — нағашы ата және нағашы әже. Қайын атаның (қайын әкенің) бірге туған аға, әпкесі болса — қайын ата, қайын апа.
  - Олардың әйелі мен күйеуі — қайын ене және бажа. Ал оны қайын ата мен қайын енеден туған балалар жас жағынан жігіттің келіншегінен үлкен болса — немере қайын аға, немере қайын бике. Олардың әйелі мен күйеуі жеңге және бажа деп аталады. Ал жастары келіншегінен кіші болса немере балдыздар. Олардың күйеуі немесе әйелі жігітке бажа, келін болып келеді. Осы немере қайын аға, балдыздардан (тек ер адамдардан) туған балалар адамға шөбере балдыз болады. Жігіттің қайын атасының (қайын әкесінің) туған інісі мен қарындасы — қайын аға, қайын апа деп аталады. Олардың әйелі мен күйеуін жігіт «жеңге», «бажа» деп атайды. Бұлардан тарайтын ұрпақтар да адамға немере, шөбере балдыз, бажа, келін болып жалғаса береді. Ал жігіттің келіншегінің бірге туған ағасы, әпкесі, бауыры, сіңлісі оған туған қайын аға, қайын бике, балдыз болып келеді. Бұлардан тарайтын ұрпақтар да жоғарыдағыдай немере, шөбере болып тиісінше жалғаса береді.

- 
- Қазақстанның байтақ жеріне кең жайылған үш жүзге кіретін барлық тайпалардың тілінде бірнеше диалектілік ерекшеліктер байқалғанмен, туыстық және құдандалық жақындық жүйесіндегі атауларда жергілікті ерекшеліктер мүлдем жоқ деуге де болады. Олай болса, қазақтың туыстық және құдандалық жақындық жүйесіне байланысты қалыптасқан атаулар бүкіл қазақ жұртшылығына ортақ деуге болады.